

1. Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл.

Аумағы жөнінен елімізде үшінші орында, әлемдегі ең үлкен көлдер тізімінде 14-ші орында. Теңіз деңгейінен 340 м биіктікте жатыр. Орташа тереңдігі 6 м, ең терең жері 26 м. Көлдің солтүстігінде Қазақтың ұсақ шоқысы, батысында Бетпақдала, ал оңтүстігінде Шу-Іле таулары, Таукұм және Сарыесік-Атырау құмдары орналасқан.

3. Оңтүстік Алтай және Сауыр, Тарбағатай жоталары арасындағы тектоникалық ойыста жатқан тұщы көл. Көл теңіз деңгейінен 395 м биіктікте. Жағалауы жайпақ. Тектоникалық бөген көлдер типіне жатады. ұзындығы 111 км, ені 30 км, орташа тереңдігі 4-6 м, ең терең жері 10 м) болатын, 60 миллион жыл бұрын пайда болған көл. «Игі», «жақсы» деген мағына беретін бұл көлден еліміздегі ең үлкен өзен ағып шығады.

2. Еліміздегі әдемі көлдердің бірі. Көл Азутау және Күршім жоталарының аралығында, теңіз деңгейінен 1449 м биіктікте орналасқан. Суының мөлдірлігі мен көлді айналдыра қоршаған биік таулардың және әсем шыршалардың келбеті табиғатқа керемет көрініс береді. Көлдің ұзындығы 38 км, ені 19 км, орташа тереңдігі 14 м, ең терең жері 27 м. Көлге 100-ге жуық шағын өзендер мен бұлақтар келіп құяды, бірақ одан бір ғана Қалжыр өзені бастау алады.

Атырау облысында орналасқан бұл көлдің атауы «биік жота, қырат, биіктік» деген мағына білдіреді. Ұзындығы 13,5 км, ені 11 км, ең терең жері 0,7 м, жағалау сызығының ұзындығы 40 км. Негізгі толығу көзі айналасындағы саздардан шығатын тұзды бұлақтар. Көлге жылына 1,5 млн. тоннаға дейін туз (негізінен NaCl) шөгеді. Көл суының құрамында бром, калий бар жоғары сапалы ас тұзы өндіріледі. Ал көлдің лайлы саз-балшығы түрлі ауруларды емдеуге пайдаланылады.

5. Ертеде «Сейхун», «Яксарт» деп аталған өзен Қырғызстан мен шығыс Өзбекстандағы Тянь-Шань тауларындағы Нарын және Қарадария өзендерінің қосылуынан бастау алады да, Тұран жазығын екіге бөліп 2219 км қашықтықта орналасқан Арал теңізіне барып құяды. Қазақстандағы ұзындығы 1400 км.

6. Орталық Тянь-Шань(Тәңіртау) тауларынан бастау алатын Текес пен Күнес, Қас өзендерінің қосылуынан пайда болып, Сарыесік-Атырау және Таукұм арқылы еліміздегі үшінші орындағы көлге құяды. Жалпы ұзындығы 1439 км, еліміздегі ұзындығы 815 км. Өзенге ірі су қоймасы салынған. Ірі салалары Түрген, Талғар, Шарын, Өсек, Қаскелең, Шілік.

7. Қарағанды және Ақмола облыстарының жерімен ағатын өзен. Өзен Қызылтас тауының батыс сілемдеріндегі бұлақтардан бастау алып, Теңіз көліне құяды. Жалпы ұзындығы - 978 км, ұзындығы 10 км-ден астам 200-дей саласы бар. Ірі салалары Ақбастау, Байғожа, Құланөтпес, Матак, Ащысу, Шерубай, Есен. Өзен бойында Самарқан,Самар бөгендері салынған.

8. Бұл өзен бастауын Сарыарқадағы Нияз тауының етегінен алып (560 м биіктіктен), Ертіс өзеніне сол жағынан құяды. Жалпы ұзындығы 2450 км, Қазақстандағы 1717 км . Өзенге 1000-ға жуық өзен мен жылға құяды, ең ірілері Жабай, Аққанбұрлық, Иманбұрлық, Терісаққан. 1960 жылдан бастап өзен суын реттеп отыру үшін Вячеслав, Сергеев және Петропавл бөгендері салынған.